

**Ph.D. докторы, доцент м.а. Мионг Сун Ок**  
**Магистрант Сермухаметова Багжан Бейбитовна**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

## **Қазіргі корей және қазақ поэзиясындағы ұлттық символдар**

**Аннотация.** Мақалада қазіргі қазақ және корей поэзиясындағы «жаңа уақыт» кезеңі тарихындағы лирикалық шығармалары, екі елдің ұлы ақындарының символизм, натурализм, гуманизм, романтизм секілді ағымдарында жазған өлеңдері жан жақты қарастырылады. Қазақ ақыны мен корей ұлтының атақты ақынының шығармашылығы арқылы жаңа заман поэзиясының әдеби процесін анықтап, поэзияда бейнеленген ерекшеліктері көрсетіліп, идеялық, мазмұндық, эстетикалық және поэтикалық тұрғыда талдаулар жасалынған.

**Кілт сөздер:** *символдық образдар, ұлттық символ, реалистік идеялар, әлем әдебиеті, қазақ символизмі, жазба әдебиет дәстүрі, символизм, өлең-«чаюси», көркем суреттеу.*

Қазақ поэзиясының тарихындағы символдық образдар қатарына дала, тау, тұлпар, домбыра, бесік т.б жатады. Символдық образдардың қазіргі әдебиеттегі өміріне тереңірек үңілу поэзия парасатын, жеткен жетістіктерімізді бажайлауға, бастысы ұлттық сипат пен мінездің тағы бір қырынан танылуына жағдай жасап, мүмкіншілік тудыратыны сөзсіз. Осы орайда Мағжанның қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арғысы француз, бергісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын екендігін атап өткеніміз жөн. Мағжан Европа ақындарының шығармашылығындағы мөлдір бұлақтан сусындай отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы – ұлы Абайға еліктей отырып, ол өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп іздене отырып, өлеңдерінде табиғат суреттері, оның тылсым шақтары, ақын көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат үйлестіре біледі. Осының бәрі тұтаса келіп суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық аша отырып, өзі қолданған "тұлпар" символы сарқылмас күш – қуатқа ие жастардың бейнесін береді.

Қажу барма тұлпарға, Талу барма сұңқарға,

Иман күшті оларда, Мен жастарға сенемін! ("Мен жастарға сенемін").

Мағжанның оптимистігін оның қолданған символдарының тәуелсіз Қазақ елінің мемлекеттік рәміздерінен көрініс табуымен дәлелдеуге болады. Көшпенді философиясында үлкен мәнге ие бұл – тұлпар, жай жылқы емес, қос қанатты пырақ – мифологиялық бейне символикалық бейне. Жылқы – бұл қазақ халқының тегі, тотемі, еліміздің логотипінде тұлпардың, жылқының болмауы – қазақ халқының жетімдігін білдірген болар еді [1]. Қазақтың бір арманы – сәйгүлік мініп, желмен жарысқандай күйде қиын күндерде артқа тастап, болашаққа тез жету. Қазақ символизмінің кульминациялық апогейі Мағжанның отты жырлары болып табылады. Мағжан тыз етпе сезімнің емес, бауыры кең

тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны. Бұл тұрғыдан Мағжан өлеңдері де сол жүйенің кірпіші болып қаланатындықтан ол ұлт апатын елден ерек бұрын сезіп, өз бояуында бейнелеп беруге мүмкіндік алды. Ақиқатты ол өз уысына шеңгелдеп қан ұстап тұрып айтудан еш тайсалмай, уақыттың үніне, өзіне айналды. Ақынның жан-тән күйзелісі лирика шеңберін үзіп, ұлы трагедияға ұласқандай. Мағжанның жан түкпіріндегі жүрек сөзі боямасыз ақтық сөзі болып ақтарылады. Ақын «Жел» деген өлеңінде:

Мазасы жоқ жел ерке, Оянып ап тым ерте.

Жорғалай басып кетеді, Тыныш жатқан түс көріп

Көлдiң бетiн кестелеп, Оны әуре етедi, - деп отырып, желдiң, «еркелiгiн», ешкiмге мойынсұнбау еркiндiгiн баса жырлайды. Өйткенi ақын жаны да сол еркiндiктi аңсайды. Мағжан поэзиясында «бала» символының қолданылу жиiлiгi ерiксiз назар аудартады. «Өмiр – дала, ақын – бала қаңғырған, Жан сусынын көз жасымен қандырған» немесе «Ақын – бөбек, өмiр – көбiк, тылсым-ды, Ойнап, арбап, бөбектi естен тандырған» деп келетiн жолдарда ақынның «Жұмбақ» өлеңiндегi астарлы ойдың бiр ұшығы жатқан тәрiздi. Тұтас символға құрылған «жұмбақ» өлеңдегi «Дала – жұмбақ, Бала – жұмбақ, Шешусiз» деген астарлы оймен жаңа заманға тап келген «дала» бейнесiндегi қазақ пен «бала» бейнесi арқылы саяси ой берiлген деуге негiз бар [1].

Корей әдебиетi дамуының жаңа дәуiрi түрлi әдеби ағымдар мен құрал-тәсiлдердiң пайда болуымен ерекшеленiп, осы кезеңдегi шығармалардың мазмұны тереңдей түсiп, авторлар өз шығармаларында адамның өмiрлiк мақсаты туралы ой-толғаулар келтiрiп, өздерiнiң дүниетанымы мен көзқарастары арқылы түрлi жағдаяттарға тап болған адамдардың жандүниесi мен қайғы-қасiреттерiн шебер көрсетуге ұмтылады.

Ал корей поэзиясының «жаңа уақыт» кезеңiнiң тарихында лирикалық шығармалардың алғашқы авторлары Ким Ок, Ли Гель, Хван Согу және Джу Ё Хан болған. Осы аталған ақындар корей поэзиясында проза түрiндегi поэманың кең құлаш жаюына зор үлес қосқан. Жаңа үлгiдегi өлең жүйесiмен метафора, теңеулер сияқты жаңа көркемдiк мәнерлi құралдарды қолдану арқылы корей поэзиясының одан әрi өркендеуiне жол ашты [2, 98]. «Чанчжо» журналында Чжу Ё Ханның «Оттың ойыны» атты символикалық мәнердегi, еркiн түрде жазылған жаңа үлгiдегi өлеңi жарияланды. 1919-1920 жылдар «iздену кезеңi» деп аталынады. Осы уақыттың әлеуметтiк-саяси жағдайы қоғамның барлық мүшелерiнiң моральдық тұрғыда күйзелгенiмен байқалады. 1919 жылдың 1 наурызында жеңiлiс тапқан тәуелсiздiк үшiн болған қозғалыстан соң халықтың саясаттан көңiлi қалады. Дегенменде әдебиет Кореяның жапон отаршылдығы кезiнде де даму үстiнде болған [2,109].

XX ғасырдың ең атақты корей ақындары Ким Со Воль мен Хан Ён Ун лирикасында халық мұңы бар. Ұлттық әндердің әуендері сіңген біртуар ақын Ким Со Вольдің өлеңдері корей халқына ғана тән «хан» сезімін әдемі жеткізген. Ким Со Вольдің лирикалық поэзиясын кең ауқымда түсінуге болады. Оның өлеңдері әуенді және жүректі тебіренерлік әсем әуенді, ұлттық стильдегі лирикалық поэзия деп атауға болады.

Ким Со Воль лирикасы гуманизм идеясымен адамзаттық идеалдармен кең қамтылған. Ақын Ким Со Воль Джонджу провинциясы, Кваксан ауылында дүниеге келген. Ким Со Воль өлеңді орта мектепте оқып жүргенде жаза бастаған. Он алты жасында Осан жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп ұстазы Ким Октан дәріс алған. Ким Ок зерттеп таныстырған француз символистерінің поэзиясы Ким Со Вольге зор ықпал жасаған. Осыдан ақын өлеңнің дыбыстық құрылымына аса мән берген.

Оңтүстік Кореяның тілтанушысы Ю Чон Хо Ким Со Вольді «біздің өлкенің ақыны» деп атайды. Зерттеуші Ю Чон Хо «халық ақыны» деген атқа тек Ким Со Воль лайық деп таниды. Өткен замандардағы атақты ақындар өз өлеңдерін «ханмун» жазуында жазған, ал корей поэзиясының шеберлері «сиджо», «каса» жанрларында жазған ақындар көбінесе билік басындағыларға тиесілі болғандықтан оларды халық ақындары деп атауға келмейді деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, XX ғасырдың ұлы ақындарының бірі Хан Ён Ун өлеңдерінің шумағы ұзын болып келетіндіктен және де атақты ақын Чон Чжи Ённың тым жаңа үлгідегі өлеңдеріне байланысты Ю Чон Хо корей елінің «халық ақыны» деп атауға тек Ким Со Вольді лайық деп санайды. 1925 жылы жиырма үш жастағы Ким Со Воль өзінің «Азалия» атты өте танымал жыр жинағын басып шығарды. Тауда өсетін гүл азалия Кореяның табиғатын әсемдеп тұрған ұлттық символының бірі. Зерттеуші Ю Чон Хо осы «Азалия» (

) өлеңінің өзі Ким Со Вольді Кореяның «халық ақыны» деп атауға әбден лайық деп танытады деген [3,167-170].

- -

Бұл өлеңде қоштасудың ауырлығымен ғашығына деген шексіз махаббатын айтады. «Мен өлсем де көз жасымды ағызбаспын.» дегенінде керісінше жаны қиналып іштей жылайтынын айтады. Осыдан қайғысының ауырлығын түсінуге болады. Бұл өлеңде корей халқына тән «хан» деген сезімінің орын алуы байқалады. Яғни жан күйзелісі, өкініші, қайғысы

бейнеленген. Осы танымал «Азалия» өлеңі «Конмудохага», Корё кезіндегі дәстүрлі ән «Кашири» және де «Ариранг» сияқты халық әнімен ұштасып жатыр. Ким Со Воль лирикасы қоштасу, сағыныш пен аңсаудан құралған өлеңдер. Ким Со Воль (1903–1934) өзінің азғантай ғұмырында екі жүзден астам өлеңдер жазып қалдырған. Ким Со Воль шығармашылығы жайлы корейлік тілтанушылардың пікірлері әр түрлі. Солтүстік Кореяның тілтанушысы Ом Хо Сок ойынша, Ким Со Воль реалист ақын.

Ал Оңтүстік Кореяның тілтанушысы Син Донбук та поэзиясында романтизм өрнектері бар реалист деп санайды. Және де зерттеуші Ом Хосок: «Ким Со Воль Ким Со Воль болып қалады, егер де оның өлеңінің ерекшелігі басқа ақындарға игілік болатын болса, онда Ким Со Воль одан әрі Ким Со Воль болудан қалушы еді. Оның өлеңінің қайталанбайтын және де өзіне ғана тән болғандығынан» деп жазған. Ким Со Воль өлеңдерінің әуенділігі, ән түріндегі лирикасы, қарапайым түрдегі ауызекі тіл барша халыққа жақын әрі тиімді. Кейбір деректерге жүгінсек, Ким Со Воль поэзиясын орыс халқының танымал ақыны Есенин лирикасымен ұқсас дейді. Халық әндеріне сүйенген екі ақынның өлеңдері әуенді болып келеді. Екі ақынның жақындығын шығармаларындағы ауыл мен табиғат жайлы сыр шертуінен байқауға болады. Өлең мазмұнымен екі ақын өлеңдерінің әуенді түрдегі формасы ауылда қарапайым адамдардың арасында бірге өмір сүрген өміріне байланысты делінген. Ауыл, табиғат жайлы жырлаған осы екі ақынды көптеген сыншылар «шаруа ақыны» деп санағанымен, олар халық жадында әрдайым тек халық ақыны ретінде қалды. Ким Со Воль фольклорға романтикалық тұрғыда қараған. Ким Со Воль үшін фольклор оның шығармашылығының құнды қайнар көзі болып есептелді. Сондықтан ақын өз шығармашылығын мазмұнымен формасы жағынан халық әніне ғана жақын өлеңдермен шектеу қоя алған жоқ.

Заманымыздың ұлы жазушысы М. Әуезов «Қазақ даласы – поэзия мұхиты», - деген екен [4, 3]. Шынында да қазақ жерінің ән-күйге, ақындық өрнектерге толы өлең-жырларға мейлінше бай екендігін тек қазіргі кездік ғұлама ғалымдары ғана емес, өткен заманда қазақ елін аралап, оның халық әдебиетінің үлгілерін жинастырған орыс және Европа ориенталистері де қайран қалып, таң-тамаша әңгіме еткен.

Ким Со Воль өлеңдерін халық өлеңі не болмаса дәстүрлі өлеңдер деп атаған. Қазірдің өзінде Ким Со Воль ақындай көп оқырманы бар ақын жоқ дейді. Неліктен Ким Со Воль ақынның өлеңдері көп оқылады деген сұраққа төрт дәлел бар. Алдымен, корей халқына тән хан сезімін бейнелеген, екінші, қызға тән нәзік дауыспен танылған лирикалық өлеңінің ерекшелігі, ұлттық әндердің ырғағымен ұлттық стильдегі өлеңді жазған және де ұлттық сананы қалыптастыруы болып табылады. Ким Со Воль өлеңдері халық әндерінің

ырғағына негізделіп жазылғаны рас. Сондықтан халық Ким Со Вольді халық әндерінің ақыны деп атайды. Ким Со Воль өлеңін талқылай келе, біз еске алмай кететін тұсымыз халқына арналған махаббатымен ұлттық санасына қатысты мәселе. Ким Со Воль тек біз ойлайтын шынайы махаббатты жырлаған жоқ, еліне деген сүйіспеншілік тұрғысындағы махаббатты жырлаған. Өзінің апатияға түскендегі сезімімен хан сезімін шын көңілмен әндетіп, өз оқырмандарын баурап алатын иронист болған [5,27].

Ким Со Вольдің өлеңдері шынайы өмірді нақты түрде дәлелдеп, жапон отаршылдығы кезінде корей ұлтының басына төнген қасірет пен қайғыны жырлап, қараңғы ғасырда өмір сүрген корейліктердің жүрегіне демеу болды деген тұрғыда халық өлеңдері деп айтуға болады. Әдебиетші, ғалым әрі ақын О Сэ Ённың айтуынша, 20 жылдардың атақты ақындары Хан Ён Ун, Ли Санг Хва және Джу Ё Хан ғашығына деген махаббатын шын көңілмен әндеткен ақындар болып табылады. Дегенмен, ғалымның айтуынша, бұл ақындар өз жерін жоғалтқан соң, зұлым қара заманды махаббат жыры ретінде жазған дейді. Осылайша, ғалымның пікірінше, Ким Со Воль өлеңдерінде оның махаббаты жырланғанымен, ақынның жыр әлеміне үңілсек, астарлы мағынаны қамтитынын байқауымызға болады дейді [5,33].

Лирикалы, ырғақты, шексіз махаббат пен сағынышқа толы Ким Со Воль поэзиясын айдын көлге теңесек, әсем табиғатты негізге ала отырып халық тағдырын, мұңын шебер бейнелеген ұлы ақын Хан Ён Ун поэзиясын асыл жақұт тасқа теңеуге болады. Корей поэзиясында өзінің тегеурінді күшімен, философиялық ойларға бай және де ұлы табиғат арқылы өмір шындығын, корей халқының басына туған алып қасіретті, адамның ішкі жан күйзелісін шебер бейнелеген ақын – Хан Ён Ун. Оның поэзиясының құдіреттілігін, қуаттылығын тек корей халқы ғана емес, бүкіл әлем мойындаған. Манхэ (Хан Ён Ун) өлеңіндегі сүйіктісі әрдайым үнсіз тұратын сүйіктісін білдіреді.

Корей поэзиясында парадоксты керемет бейнелеп көрсеткен ақындардың бірі Хан Ён Ун. Корей халқы көп қасірет шеккендіктен 1910 жылдан бастап 1945 жылдан кейін де корей ақындары елдің ауыр тағдырына налынып өлең жазған. Мысалға, Ю Чи Хван, Юн Донг Джу, Ким Су Ён сияқты корей поэзиясының атақты ақындары өзінің мұңын, жан күйзелісін, халық қайғысын өз өлеңдерінде аса шеберлікпен бейнелеген.

Ю Чи Хван өмір азабына шыдай алмай, үлкен апатияға түсіп жартас болам деп жар салады. Ю Чи Хванның Жартас атты өлеңінен өмір шындығын, зұлым заманды, ерге тән мінезді көруге болады. Ю Чи Хван көп ақындар ұқсап әр затты негізге алып жазған. Адамзат, қоғам, табиғат, қала мен өркениет жайлы жазған. Осыған қарамастан оның өлеңдерінде адамзаттың әңгімесі жатыр. Ю Чи Хван табиғатты негізге ала отырып адамзат жайлы жазған. Қоғам

не қала өркениеті жалпы адамзаттың көмегімен қалыптасқан. Осы тұрғыдан табиғатпен белгілі бір зат Ю Чи Хван үшін адамзаттың әңгімесін жеткізу үшін арналған құрал. Корей халқының жаңа заман поэзиясы сыртқы факторлардың әсер етуінен, еларалық мәдениеттің алмасу процесі арқылы пайда болған. Дәстүр, мәдениет, әдебиетпен өзара алмасу арқылы корей жаңа заман поэзиясы ежелгі поэзиядан гөрі үлкен рухани мұраны қамтығанын дәстүр, дін, жаңа идеологиялық және де философиялық, эстетикалық қағидалардың талданғанынан көруге болады. Корей ақындары әдебиеттің теоретиктері ретінде көркем әдеби түрдегі эстетикалық мәселелерді шешті. Жалпы бұл жаңа заман поэзиясының уақытында жаңа стиль түріндегі өлең-«синчхэси», еркін түрде жазылған өлең-«чаюси», проза түріндегі өлең-«санмунси» кең түрде дамыса, екінші кезекте дәстүрлі жанр түріндегі 3 шумақты өлең-«сиджо», ұзын поэма түріндегі «каса» жанрының дамуын байқауға болады.

Қорыта келгенде, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан, өлеңдеріндегі табиғат суреттерін, оның тылсым шақтарын, ақын көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отыратынын қазақ даласының поэзия мұхитына теңесек, ал әдемілікті, пәк сезімді бағалай білетін корей ақындарының поэзиясын таң самалы болып есетін нәзік лирикаға, жүрегін ақтара жайып салатын тұнық көк теңізге теңеуге болады. Корей халқының өзіндік әдемі лирикасының жаңа замандағы даму процесін айқындап шарықтау шыңын болжайтын болсақ, корей поэзиясы әлем әдебиетіне қосар үлесі зор. Айналадағы тірі жанмен тілдесіп, табиғатпен сырласып өз шерін ақтара білген қайсар рухты халықтың арман мұраты, мұңы мен махаббаты поэзиясында тұнып тұр.

#### Әдебиеттер:

1. М. Жұмабаев. Шығармалары (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер). - Алматы: Жазушы, 1989. -56 б.
2. Хён Вон Сук, Ян Вон Сик, Ли Т.Б. Корейская литература. - Алматы: Казахстанско-корейский научный центр, 2002. - 344 с.
3. Солдатова М.В., Пак К.А. Новая и новейшая литература изучаемой страны. - Москва: Издательство Дальневосточного Университета, 2003. – 645 с.
4. Қазақ поэзиясының антологиясы. /XX ғасырдың бас кезі/. - Алматы: Ғылым, 1992. – 488 б.
5. Аманова. Г.А. Заглавие статьи: Историко-культурный процесс в Корее и поэзия конца XIX-первой половины XX века. - Москва: 2010. -7 с.